

## HUMAN RIGHTS IN EASTERN EUROPE AND CENTRAL ASIA: REVIEW OF 2019

# ҚАЗАҚСТАН

### Қазақстан Республикасы

Мемлекет басшысы: **Қасым-Жомарт Тоқаев** (наурыз айында Нұрсұлтан Назарбаевтың орнына келді)

Үкімет басшысы: **Асқар Мамин** (ақпан айында Бақытжан Сағынтаевтың орнына келді)

**Бейбіт жиналу және бірлесу бостандықтары шектелуде. Кәсіподақтар мен ҰЕҰ-р тәркелуі билік тарапынан қиындатылды. Пікір білдіру бостандығы экстремизмге қарсы заң құжаттары аясында одан әрі шектелді. Күдіктілер мен тұтқындарды азаптау және басқа да қатыгездік оқиғалары мәлім болған. Мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың құқықтары қатаң заң құжаттары мен қызметтерге қол жеткізудің жоқтығынан бұзылады.**

### Жалпыақпарат

19 наурызда Нұрсұлтан Назарбаев Президент лауазымынан кетіп, орнына Парламенттің жоғарғы палатасының спикері Қасым-Жомарт Тоқаев маусым айында өткен сайлауда лауазымырасталғанша оның орнын басты ЕҚЫҰ/ДИАҚБ сайлауды бақылау Миссиясындағы санауда елеулі бұзушылықтар мен шынайы таңдау мүмкіндігі жоқ болғанын байқады. Бұл Орта Азияда президенттің тұңғыш рет өз еркі мен лауазымынан кеткені болды. Бірақ, Нұрсұлтан Назарбаев “Қазақстанның тұңғыш Президенті” ресми атағын сақтап, ықпалды саяси билікке, оның ішінде өмір бойы Қауіпсіздік Кеңесі мен Нұр Отан партиясына төрағалық ету арқылы ие болуды жалғастырды. Наурыздың 20 лауазымдағы Президент тұңғыш Президенттің марапатына Астананы Нұр-Сұлтан деп атады. Осы күтілмеген өзгерістер репрессияларға ұшыраған әлеуметтік және саяси белсенділікті арттырып, жаңа әлеуметтік наразылық қозғалыстардың пайда болуына әкелді. Қазақстанның ықпалды көршілері мен тығыз байланыс орнатуды қамтамасыз етуге тырысқан Қасым-Жомарт Тоқаев Қырымды Ресейдің аннексиясына ашық қолдау білдіріп, Қытайда мұсылман саны аз топтардың адам құқықтары бұзылғаны туралы ақпарат оны сәйкес көрсетті деп мәлімдеді.

### Бейбіт жиналу бостандығы

Бейбіт жиналу бостандығы қатаң шектеулі болып қалуда. Көшедегі кез келген наразылық шарасына (оның ішінде жалғыз адам наразылығына) жергілікті биліктердің рұқсаты керек және жиі жағдайда ондай рұқсат берілмейді. Не орталықтан қашық жерде өткізуге рұқсат етіледі. Қоғамдық жиналыстарды өткізуге тәтібірін бұзу Әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы Кодексінің 488-б. айып-пұл немесе 15 күнге дейін қамалумен және Қылмыстық кодексінің 400-б. сәйкес айып-пұл немесе 50 күнге дейін қамалумен жазаланған болатын. 23 қазанда Парламент рұқсат етілмеген митингілерге ата-аналардың көмелетке толмағандарды қатыстырғаны үшін айып-пұл немесе 10 күнге дейін қамалу жазасын көздейтін заң қабылдады.

21 сәуірде Ася Тулесова мен Бейбарыс Тольмбеков және олардың шарасын түсіріп тұрған үш досы Алматы марафоны өтетін жолдың бойында “Шыңдықтан құтыла алмайсың” деп жазылған баннеріліп қойғандары үшін тез арада қамалды. Оларды полицияда тамақсыз, сусыз алты сағат ұстап, адвокаттарын жібермеді. Ася Тулесова және Бейбарыс Тольмбеков сол күні кеште бөлек сот тыңдауларында “жергілікті билік органдарының рұқсатынсыз жеке мүдделері үшін қоғамдық шара өткізген” деген әкімшілік құқықбұзушылық жасағандары үшін 15 күнге қамалды. Олар ар-ождан тұтқындары болды. Үш досына “рұқсат етілмеген митингіге” қатысқандары үшін жалпы US\$ 135 мөлшерінде айып-пұл салды.

Маусым, қыркүйек, қазан және желтоқсан айларында демонстрациялар жалғасты. 9 маусымда ірі қалаларда мыңдаған адамдар сайлауға бойкот жариялау үшін шықты. Кем дегенде 1,000 бейбіт шерушілер Нұр-Сұлтанда және 500 адам Алматыда ұсталды. Адам құқықтары және заңдылықты сақтау жөніндегі Қазақстан халықаралық бұқосы ҰЕҰ ақпаратына сәйкес, адамдар полиция бөлімдерінде 10 сағаттан артық тамақсыз және сусыз, туғандарына қайда екендерін айтпай ұсталды. Көптеген жағдайда оларға адвокаттарды жіберген жоқ. Нұр-Сұлтанда және

Алматыда судьялар түнгі процестерді жүргізіп, адамдарды “рұқсат етілмеген” митингіге қатысқандары үшін айып-пұл не 10 күнге дейін әкімшілік қамауға соттады.

30 маусымда бес жылдың ішінде 35 рет Берген арьвдарын негізсіз қанағаттандырмай, бірініш рет рұқсат берген соң, белсенді Әлнұр Ильяшев Алматыда қоғамдық наразылық шарасын өткізу мүмкіндігіне қол жеткізді.

## **Бірлесу бостандығы**

Қазақстанда жұмыс істегісі келетін билік тарапынан тіркелуі тиіс. Тіркелмеген ұйымды басқару не оған қатысу әлі де әкімшілік құқықбұзушылық болып табылады.

Маусымда Халықаралық еңбек Ұйымының (ХЕҰ) Стандарттарды қолдану Комитеті “заң құжаттары мен әс жүзінде алдын ала рұқсатсыз кәсіподақ құруға елеулі қиындықтар және жұмысшылар ұйымдарының бірлесу бостандығына араласуға” қатысты алаңдаушылығын білдірді. 17 шілдеде мұнай және энергетика жұмысшылары кәсіподағының басшысы Ерлан Балтабай “Қадірлі еңбек” атты заңсыз жабылған мұнай және химия саласындағы жұмысшылардың кәсіподағы қаржысын алып алды деген айыппен жеті жылға бас бостандығынан айырылған. 9 тамызда ол Президенттің рақымшылығымен түрмеден босатылып, оның жазасы айып-пұлға ауыстырылды. Ол айып-пұлды төлеуден бас тартқаны үшін 16 қазанда бес ай мерзімге бас бостандығынан айырылды.

Феминита атты лесбияндық, бисексуалдық және квир әйелдердің бастамасын Әділет министрлігі көп уақыт бойы тіркеуден бас тартып отыр. 31 мамырда қабылдаған шешімде Алматы қ. Медеу аудандық соты Министрліктің феминитаны қайта-қайта тіркеуден бас тартқанын қолдады.

Сот шешім бойынша экстремистік ұйым болып табылған ұйымды құру не оған қатысу Қылмыстық кодексінің 405-б. сәйкес қылмыс болып қалуда. Бұл бап бейбіт саяси диссиденттерге қарсы қолданылып келе жатыр. Жылдың ішінде 21 адам шартты түрде бас бостандығынан айыру және талаптарды орындау жазасына кесіліп, тағы 150 адам “Қазақстанның демократиялық таңдауы” тыйым салынған оппозициялық қозғалысты іс жүзінде қолдаған не қолдауы мүмкін күдіктілер ретінде сұраққа түскен.

## **Ар-ождан тұтқындары**

Биліктер көзқарасы бөлек адамдарды саяси қудалауын жалғастырды. Макс Боқаев денсаулық жағдайына қарамастан, өзінің бес жылдық бас бостандығынан айыру мерзімін өтеп жатыр. Ол бейбіт демонстрацияны ұйымдастырғаны үшін және әлеуметтік желіде посттарды жариялағаны, оның ішінде Қылмыстық кодексінің 174-б. бекітілген әлеуметтік, таптық, ұлттық, нәсілдік не діни араздық қоздыруға жататын посттар үшін сотталған. Бұл бап биліктерге сыни немесе ұнамайтын көзқарастағы адамдарға қарсы жиі қолданылған.

10 наурызда Қытайдағы қазақтардың адам құқықтарын қорғайтын Атажұрт ҰЕҰ басшысы Серікжан Білашұй қамаққа алынған. Ол 174-б. бойынша Қытайда мұсылман саны аз ұлттық топтардың адам құқықтарын бұзуға қарсысын айтқаны үшін айыпталды. Ол Қытайда адам құқықтарын бұзушылықтарға қарсы науқанын тоқтатуға келіскеннен кейін 17 тамызда босатылып, US\$300 айып-пұл салынып, еркін жүру бостандығы үшін аяқталған.

## **Азаптау және басқа да қатыгездік**

Азаптау және басқа қатыгездік үшін жазаламау сақталуда. Қазақстанда азаптауды тергеу тәуелсіз механизм болған жоқ және оны құру жоспары да болмады. Азаптау туралы шағымдарды әдетте полиция тергейтін немесе полиция офицерлеріне қатысты болса, Коррупцияға қарсы мемлекеттік агенттігі (бұрынғы қаржы полициясы). Бас прокуратураның арнайы прокурорлар қызметі басқа тергеу тетігі болып табылады, бірақ Қылмыстық процессуалдық кодексінде азаптауға қатысты істерді тергеуге өкілеттік алған жоқ. Бас прокурор нақты жағдайға қарай өз қаулысын шығаруы мүмкін. Мамыр айында Ұлттық алдын алу тетігі 2018 ж ішінде Бас прокурорға түрме жүйесіндегі азаптау және басқа қатыгездік оқиғалары туралы 176 шағым жібергенін мәлімдеді. Бас прокурор 101 алдын ала тексеріс өткізді. Осының нәтижесінде, 31 қылмыстық іс қозғалып, оның 29 тоқтатылған және жыл соңында екі іс жалғасқан. Ешкім сотталған жоқ.

Валерий Цой өзінің Алматы облысындағы Қапшағай колониясында 23 және 26 тамыз бен 3 қыркүйекте азаптағанына шағымданды. Оны полиция таяқтары мен ағаш таяқпен ұрып-соғып, бұрынғы қатыгездік туралы шағымдануына жол бермеу үшін ауытқып қорлады деп шағымданды. 1 қазанда ол облыстық прокурорға азаптауға шағымданды, тергеу Алматы облыстық коррупцияға қарсы Департаментімен басталды. Валерий Цой Алматыдағы тергеу изоляторына ауыстырылды. Коррупцияға қарсы Департаментінің айтуынша, Валерий 4 қыркүйекте полиция таяқшасын тауып алып,

камерада бірге отырғанды өзінен осы таяқпен ұруды сұраған. Валерий Цойдың істі жабуға қарсы апелляция шағымы жылдың соңында қаралып жатқан.

## **Мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың құқықтары**

Мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың құқықтарына оларды шектейтін заң құжаттары мен қол жеткізе алмайтындықтан ықпал етеді. Наурыз айында жарияланған БҰҰ Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар бойынша Комитетінің қорығанды тұжырымдарында мүмкіндігі шектеулі тұлғалар кемсітуге, тыс қалып, өмірдің көптеген саласында теңсіздікке ұшырайтындарына алаңдаушылығын білдірді. Комитет Қазақстанға “мүмкіндігі шектеулі тұлғалар барлық әлеуметтік қызыметтерге, оның ішінде білімалу мен жұмыспен қамтуға кедергісіз қол жеткізе алатынын қамтамасыз етіп, мектепте және жұмыста жеткілікті баспана беріп, қоғамға ашық ғимараттар мен қызыметтерді қол жетімді ету” шараларын күшейтуге кеңес берген.

Азаматтық кодекстің 26-бабына сәйкес, “жүйке ауруы немесе ақыл-есінің кемдігі салдарынан өз әрекеттерінің мәнін түсіне алмайтын немесе не істегенін білмейтін азаматты сот әрекет қабілеттілігі жоқ деп тануы мүмкін”, соған байланысты оның атынан барлық шешім қабылдайтын қорғаншы белгіленеді. “Қабілеттілігі жоқ” деп танылған тұлға өз өміріне, қаржысына, некеге тұруына, оқуға не жұмыс істеуге қатысты шешімдерді қабылдау құқығынан айырылады. Осындай адамдар сотқа шағымдана алмайды, бұл олардың құқықтары бұзылғаннан не қанаудан қорғалу заңды құралдары жоқтығын аңғартады. Қайта қарау жүйесі жоқ болғандықтан, бұл мәртебе тек сирек жағдайда қалпына келтіріледі, ал осы жылдың ішінде бірде бір қалпына келтіру оқиғасы мәлім болған жоқ. Мемлекеттік статистикаға сәйкес, 35,941 адам “қабілеттілігі жоқ” немесе “қабілеттілігі шектеулі” ретінде тіркелген.

28 мамырда Үкімет мүмкіндігі шектеулі адамдардың өмір сүру сапасын жоғарлату және құқықтарын қамтамасыз ету үшін 2025 жылға дейін Мемлекеттік жоспар қабылдады. Жоспар халықаралық үздік тәжірибені зерттеуді көздеген, бірақ, өкінішке орай, психикалық ауығуы бар адамдарды қабілеттілігінен айыру туралы шешімдерді 2021 жылға дейін кейін қалдырды. Онда қабілеттілігінен айырылған тұлғаларға дереу қолдау шараларын қолдануды, мысалы, қорғаншыға шешім қабылдау құқығын беру баламасы ретінде шешім қабылдауды қолдау сияқты шаралар көзделген жоқ.